ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 маусым №2301-25-00-2/1012 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Н.С.Жаугаштиевтің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «DOC» Оралхан Кайрошевич Давлеткалиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Мендигалиева
Жауапкер өкілі О.Давлеткалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 7 наурызда мемлекеттік сатып алу туралы №41 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «10 дана Бағдарламалық қамтамасыз ету төлнұсқасы» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 48 000 теңге. Шарттың орындау мерзімі – келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, 2025 жылғы 24 наурызға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, тауар жеткізілмегенін, жауапкермен міндеттеме толық көлемде орындалмағанын, шарт бұзылғанын, сондықтан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындап, тауарды мерзімінен кеш 2025 жылғы 19 сәуірде жеткенін, алайда шарттың бұзылуына байланыста, тауарды талап қоюшы қабылдаудан бас тартқанын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмай, тауар жеткізілмегенін, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Шарт бір жақты 2025 жылғы 16 сәуірде бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония»

Қ.Алиакбарова Д.Ш. Даурешова О.Ш., 19.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, Сулия Лапенова О. III. 25.07.2025
01-25-3-1/1123

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «DOC» Оралхан Кайрошевич Давлеткалиевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «DOC» Оралхан Кайрошевич Давлеткалиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «DOC» Оралхан Кайрошевич Давлеткалиевтен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2025 жылдың «21» шілдесінде заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова

Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, судья Даурешова О.Ш., 25.07.2025

1-25-3-1/1123